

Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілерді Мемлекеттік тізілімге тіркеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 1346 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 10 ақпандағы № 125 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.02.10 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілерді Мемлекеттік тізілімге тіркеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 1 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 1 3 4 6 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілерді Мемлекеттік тізілімге тіркеу ережесі

1. Жалпы ережелер

Осы Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілерді Мемлекеттік тізілімге тіркеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңының (бұдан әрі - Заң) 5-бабы

негізінде әзірленді және қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілерді Мемлекеттік тізілімге (бұдан әрі - Мемлекеттік тізілім) тіркеу шарттары мен тәртібін белгілейді.

1. Мемлекеттік тізілім:

Қазақстан Республикасының қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілерінің бірыңғай тізбесін жасау; қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндетті орындауын және олардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген талаптарды сақтауын мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

2. Мемлекеттік тізілім кәсіпорындардың және (немесе) олардың цехтарының, учаскелерінің, алаңдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты өзге де объектілерінің бірыңғай, мерзімді анықталып отыратын және олар туралы ақпараттық-анықтамалық сипаттағы барлық қажетті мәліметтерді құрайтын тізбесін білдіреді.

3. Мемлекеттік тізілімге тіркеуді табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) оның аумақтық органдарының ұсынылған ақпаратына сай жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

2. Мемлекеттік тізілімді жүргізу

4. Мемлекеттік тізілім жүргізуді Қазақстан Республикасының қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілері туралы мәліметтерді орталықтандырылған жинау жүктелетін уәкілетті орган жүзеге асырады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

5. Мемлекеттік тізілім осы Ережеге 1-қосымшаға сай Қазақстан Республикасының қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілерінің тізілім-журналын білдіреді.

3. Мемлекеттік тізілімге тіркеу шарттары

6. Мемлекеттік тізілімге тіркелуге Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес:

1) оларда мынадай қауіпті заттар (ең жоғары біржолғы мөлшерде): тұтанғыш заттар - қалыпты атмосфералық қысымда және ауамен қосылғанда

тұтанатын, қалыпты қысымда қайнау температурасы 20°C немесе одан төмен, мөлшері 200 тоннаға тең немесе одан асатын газдар;

тотықтандырғыш заттар - жануды қалыпты күйде ұстайтын, тұтануды туғызатын және (немесе) тотықтандыру-қалпына келтіргіш экзотермиялық реакциялардың нәтижесінде басқа заттардың жануына ықпал ететін мөлшері 200 тоннаға тең немесе одан асатын заттар;

жанғыш заттар - технологиялық процесте пайдаланылатын немесе магистральдық құбырмен тасымалданатын мөлшері 200 тоннаға тең немесе одан асатын сұйықтар, өзінен-өзі тұтанып жануға, сондай-ақ тұтану көзінен от алуға және ол көзді жойғаннан кейін де жаңа беруге бейім газдар, тозаң;

жұмсалатын, тауар-шикізат қоймалары мен мұнай өнімдері базаларындағы мөлшері 3500 тоннаға тең немесе одан асатын жанғыш сұйықтар;

жарылғыш заттар - сыртқы әсердің белгілі бір түрлерінен жылу бөле және газ түзе отырып, өзінен-өзі өте тез таралатын химиялық өзгеріске бейім мөлшері 25 тоннаға тең немесе одан асатын заттар;

уытты және жоғары уытты заттар - тірі организмдерге әсер ету кезінде олардың өліміне әкеп соқтыруға бейім және мынадай сипаттамасы бар заттар:

асқазанға енгізілген кезде бір килограмм салмаққа, қоса алғанда, 200 миллиграмнан аз келетін өлтіретін орташа доза;

теріге енгізген кезде бір килограмм салмаққа, қоса алғанда, 400 миллиграмнан аз келетін өлтіретін орташа доза;

ауадағы өлтіретін орташа шоғырлануы бір литрге, қоса алғанда, 2 миллиграмнан аз келетін, 1 тоннадан астам хлорға баламалы мөлшердегі;

биологиялық қауіпті заттар алынатын, өндірілетін, пайдаланылатын, өңделетін, пайда болатын, сақталатын, тасымалданатын (оның ішінде магистральдық немесе технологиялық құбырлармен), қоймаға салынатын, түсірілетін (тиелетін), сатылатын, бейтараптандырылатын немесе жойылатын;

2) энергетикалық жабдықтар мен электр және жылу станцияларының электр қондырғыларын пайдаланатын;

3) газ толтырушы станциялар мен сұйытылған газ пункттері өндірістік аймағының негізгі ғимараттары (үй-жайлары) және құрылыстары пайдаланылатын;

4) қара немесе түсті металдардың балқытпасы және осы балқытпа негізінде қорытпалар өндірілетін;

5) тұрақты, жылжымалы, қалқымалы бұрғылау қондырғылары және ұңғымаларды жер астында жөндеуге арналған көтергіш агрегаттар пайдаланылатын;

6) көмірсутегі кен орындарын игеру: мұнайдың, газдың және мұнай

өнімдерінің ұнғымаларын бұрғылау, оларды өндіру, жинау, дайындау, сақтау, өңдеу, тасымалдау жүргізілетін;

7) пайдалы қазбаларды өндіру мен байыту бойынша кен жұмыстары (кен таралған пайдалы қазбаларды өндіруден басқа), сондай-ақ жер асты жағдайындағы жұмыстар жүргізілетін;

8) гидротехникалық құрылыстар, қалдықтар қоймалары, I, II және III сыныпты күл төгу орындары мен шлам жинау орындары пайдаланылатын;

9) атом энергиясы пайдаланылатын кәсіпорындар және (немесе) олардың цехтары, учаскелері, алаңдары, сондай-ақ өзге де объектілер жатады.

7. Аумақтық органдардың Мемлекеттік тізілімге тіркеудің қажеттілігі туралы ақпаратын бірінші басшы не оның міндетін атқарушы тұлға бекітеді және мыналарды құрауы тиіс:

қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты кәсіпорындардың және (немесе) олардың цехтарының, учаскелерінің, алаңдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігінің (облыстың, Астана, Алматы қалаларының) өзге де объектілерінің толық тізбесі. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілердің тізбесі осы Ережеге 2-қосымшаға сай Заңның 5-бабының талаптарына толық сәйкестікпен қалыптастырылады;

көрсетілген кәсіпорындардың және (немесе) олардың цехтарының, учаскелерінің, алаңдарының, сондай-ақ өзге де объектілердің қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілердің санатына жататынын, сондай-ақ оларды Мемлекеттік тізілімге тіркеу қажеттілігін растайтын негіздемелік анықтама.

8. Мемлекеттік тізілімге тіркеу аумақтық органдардың Мемлекеттік тізілімге тіркеу қажеттілігі туралы ақпаратты ұсынған сәттен бастап 30 күн ішінде жүргізіледі.

Заңның 5-бабының талаптарына сәйкес келмейтін объектілер Мемлекеттік тізілімге тіркелуге жатпайды.

4. Мемлекеттік тізілімге тіркеу тәртібі

9. Мемлекеттік тізілімге тіркеу өзіне:

1) Осы Ереженің 7-бабына сәйкес Мемлекеттік тізілімге тіркеу қажеттілігі туралы аумақтық органдардың ақпаратын уәкілетті органға ұсынуын;

2) уәкілетті органның оның аумақтық органдарының ұсынылған ақпаратына сай Мемлекеттік тізілімге тіркеу туралы шешімді қарауын және қабылдауын;

3) объектіге тиісті тіркеу нөмірін бере отырып, оны Мемлекеттік тізілімге енгізуді қамтиды.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068
Қ а у л ы с ы м е н .

10. Мемлекеттік тізілім уәкілетті органның бірінші басшысының бұйрығымен бекітіледі, қажеттілігіне қарай жаңартылып отырады және қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндетті орындауын және олардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген талаптарды сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін оның аумақтық органдарына жеткізіледі.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068
Қаулысымен.

5. Қорытынды ережелер

11. Мемлекеттік тізілімге өзгерістер мен толықтыруларды оның аумақтық органдарының ақпаратына сай уәкілетті орган енгізеді.

Аумақтық органдардың Мемлекеттік тізілімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ақпараты қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілердің бұрын тапсырылған тізбелеріне өзгерістер мен толықтырулар түрінде ресімделеді.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068
Қаулысымен.

Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру
қаупімен байланысты объектілерді
Мемлекеттік тізілімге тіркеу ережесіне

1-қосымша

**Қазақстан Республикасының қызметі үшінші
тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты
объектілері тізілім-журналының нысаны**

| Р/с | Объектінің | Объектінің | Объектінің | Объектілерді | Объектіні | Мемле- |
|-----|------------|------------|------------|--------------|-----------|----------|
| N | тіркелу | атауы | орналасқан | қызметі | Мемлекет- | кеттік |
| | нөмірі | | жері | үшінші тұл- | тік тізі- | тізілім- |
| | | | | ғаларға зиян | лімге ен- | ге өзге- |
| | | | | келтіруі | гізу үшін | рістер |
| | | | | мүмкін объ- | негізде- | мен то- |
| | | | | ектілер са- | мелер | лықыты- |
| | | | | натына жат- | | рулар |
| | | | | қызудың өл- | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---------------|---|---|
| | | | | ш е м д е р і | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру
қаупімен байланысты объектілерді

Мемлекеттік тізілімге тіркеу ережесіне

2-қосымша

**Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру
қаупімен байланысты кәсіпорындар және
(немесе) олардың цехтары, учаскелері,
алаңдары, сондай-ақ өзге де объектілер**

тізбесінің нысаны

| Р/с N | Ұйымның атауы (орна- ласқан жері) | Объектінің атауы (орналасқан жері) | Объектілерді қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіруі мүмкін объектілер сана- тына жатқызудың өлшемдері | Объектіні Мемлекеттік тізілімге енгізу үшін негіздемелік анықтама | Ескерту |
|----------|---|---|--|--|---------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |